



Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына
және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған

**«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ
ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

международной научно-практической конференции

**«ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОПЫТ
РАЗВИТИЯ СТРАН ВОСТОКА»**

посвященной 70-летию юбилею доктора исторических наук,

профессора Алдабек Нуржамал Абдразаковны

и 90-летию КазНУ имени аль-Фараби

MATERIALS

of International Scientific and Practical conference

**«PRAGMATIC EXPERIENCE OF EASTERN
COUNTRIES DEVELOPMENT»**

dedicated to the 70th Anniversary of the Doctor of Historical Sciences,

Professor Aldabek Nurzhamal Abdrakkyzy

and dedicated to the 90th Anniversary

of the Al-Farabi Kazakh National University

Алматы, 2024

**«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕСІ»**

тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал
Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары
29 қараша 2024 жыл
Алматы

«ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОПЫТ РАЗВИТИЯ СТРАН ВОСТОКА»

Материалы международной научно-практической конференции посвященной
70-летию юбилею доктора исторических наук, профессора
Алдабек Нуржамал Абдразаковны
и 90-летию КазНУ имени аль-Фараби.
29 ноября 2024 год
Алматы

**«PRAGMATIC EXPERIENCE OF EASTERN COUNTRIES
DEVELOPMENT»**

Proceedings of the international Scientific conference dedicated to the 70th
Anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor Aldabek Nurzhamal
and the 90th Anniversary of al-Farabi Kazakh National University.
29 November 2024
Almaty

УДК 94 (5)
ББК 63.3
Ш97

Жалпы редакциясын басқарған: Түймебаев Ж.Қ. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-Ректоры

Жауапты редактор: Ем Н.Б. – Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Құрастырып, баспаға әзірлеген: Асыл М.Б., Түргенбай А.А., Нуржаева А.М.

«ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ДАМУЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ» тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары, 29 қараша 2024 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – бет саны 366 – қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерінде.

ISBN 978-601-04-6843-6

«Шығыс елдері дамуының прагматикалық тәжірибесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы Шығыс елдерінің тарихы, саясаты, тілі және мәдениеті саласына қызығушылық танытатын зерттеушілерге, оқытушыларға, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының 70 жылдық мерейтойына және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орайластырылған. Конференция Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тәжірибесін, олардың қазіргі заманғы жаһандық процестердегі рөлін, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы одан арғы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылауға және талдауға бірегей мүмкіндік берді. Конференцияға ұсынылған баяндамалар мен зерттеулер Шығыстың қазіргі даму үрдістерін түсінуге маңызды үлес қосады және өзекті проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Халықаралық конференция ҚР ҒЖБМ ҒҚ «Шығыс елдері дамуының конфуцийлік моделінің прагматикалық тәжірибесі: Қытай, Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея» (AP19677768) ғылыми жобасы аясында өткізілді.

Сборник материалов международной научной конференции на тему **«Прагматический опыт развития стран Востока»** предназначен для исследователей, преподавателей, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области истории, политики, языка и культуры стран Востока. Конференция приурочена к знаменательным событиям — 70-летию юбилею доктора исторических наук, профессора Алдабек Нуржамал Абдразаковны, а также 90-летию Казахского национального университета имени аль-Фараби. Конференция предоставила уникальную возможность обсудить и проанализировать опыт социально-экономического и культурного развития стран Востока, их роль в современных глобальных процессах, а также перспективы дальнейшего взаимодействия в условиях глобализации. Представленные на конференции доклады и исследования внесут важный вклад в осмысление современных тенденций развития Востока и предложат новые подходы к решению актуальных проблем. Международная конференция проводилась в рамках ГФ МНВО РК по научному проекту «Прагматический опыт конфуцианской модели развития стран Востока: Китай, Япония, Сингапур, Южная Корея» (AP19677768).

The collection of materials of the international scientific conference on the topic **«Pragmatic experience of Eastern countries development»** is intended for researchers, teachers, students and young specialists interested in the field of history, politics, language and culture of the countries of the East. The conference is dedicated to the significant events - the 70th anniversary of Doctor of Historical Sciences, Professor Aldabek Nurzhamal, as well as the 90th anniversary of the al-Farabi Kazakh National University. The conference provided a unique opportunity to discuss and analyse the experience of socio-economic and cultural development of the countries of the East, their role in modern global processes, as well as the prospects for further interaction in the context of globalisation. The reports and studies presented at the conference will make an important contribution to the comprehension of modern trends in the development of the East and offer new approaches to solving urgent problems. The international conference was held within the framework of the research project “Pragmatic Experience of the Confucian Model of Development in Eastern Countries: China, Japan, Singapore, South Korea” funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19677768).

© әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024
© Казахский национальный университет имени аль-Фараби, 2024
© al-Farabi Kazakh National University, 2024

МАЗМУНЫ **СОДЕРЖАНИЕ** **CONTENT**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ.....	3
<i>1 СЕКЦИЯ/ SECTION 1</i>	
<i>МОДЕРНИЗАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНШІЛІКТЕРІ: ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ШЫҒЫС СТРАТЕГИЯЛАРЫ</i>	
<i>ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ: ВОСТОЧНЫЕ СТРАТЕГИИ В ФОКУСЕ СОВРЕМЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ</i>	
<i>PROBLEMS AND OPPORTUNITIES OF MODERNISATION: STRATEGIES OF THE EAST AT THE PRESENT STAGE</i>	
KONDAPALLI S. CHINESE-STYLE MODERNIZATION – CONCEPTUAL UNDERSTANDINGS AND DYNAMICS.....	5
НАДИРОВА Г.Е. СОЦИАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ГЕНДЕРНОГО НЕРАВНОПРАВЬЯ.....	13
ШАКИВА F. A GEOGRAPHICAL AND HISTORICAL STUDY OF THE ANCIENT CITY OF KHOTAN BASED ON IRANIAN-ISLAMIC RESOURCES.	16
ZHUMATAY G. CHINA’S STRATEGY FOR CENTRAL ASIA IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION OF XINJINA.....	22
CHU YOUNGMIN, BELYALOVA A. THE PRAGMATIC EXPERIENCE OF THE CONFUCIAN MODEL OF SOUTH KOREA’S DEVELOPMENT.....	26
АЛДАБЕК Н.Ә., МАХМУДОВА А.К. ҚЫТАЙДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	32
YOUSEFIAN A. THE GLOBAL DIGITAL ORDER AND THE OPPORTUNITIES FOR ASIA TO BRING BALANCE BETWEEN THE EAST AND THE WEST.....	36
ГУСЕЙНОВ Э. А. ТЕХНИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КИТАЯ И ЕЁ ВЛИЯНИЕ НА СОТРУДНИЧЕСТВО СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В СФЕРЕ РЕДКОЗЕМЕЛЬНЫХ МЕТАЛЛОВ И ЗЕЛЁНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	41
МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ Н. МАО МЕН ЛЮ-ДЫҢ ТАПТЫҚ КҮРЕС КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӨНІНДЕ.....	46
SINYING WU, YINGHAN XU, ATSUSHI SAITO, ATSUSHI OGIHARA FAMILY ROLES IN DECISION-MAKING WITHIN PALLIATIVE CARE AMONG THE EAST ASIA.....	51
АЗМҰХАНОВА А.М. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ЭЛИТЫ В МОДЕРНИЗАЦИИ СТРАН ВОСТОКА.....	53
ТЛІА YIN NOR. GAINING GROUND.....	58
АХМЕТОВ К.Р. ПРОБЛЕМЫ И ВОЗМОЖНОСТИ МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ ВОСТОКА: КЕЙСЫ КИТАЯ И САУДОВСКОЙ АРАВИИ.	66
САПАНОВ С.Ж. ИСТОРИЯ СПОРНЫХ ТЕРРИТОРИИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ: ИСТОКИ И ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ.....	72
MAO JIANPING A CHINESE MODERNIZATION: WHEN CARE ETHICS ENCOUNTERS POVERTY ALLEVIATION.....	82
БАЙДАРОВ Е.У., УЛАНОВА Д.Е. АНАЛИЗ КОНЦЕПЦИИ СООБЩЕСТВА ЕДИНОЙ СУДЬБЫ «КИТАЙ – ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ».....	86
ОМАРОВА М.А. ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ.....	95
БАТЫРХАН Б.Ш., РАХИМОВА Қ.Д. ИРАНДЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫЛАР.....	101
КЕРИМБАЕВ Е.А. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ СЫН-ҚАТЕРГЕ ҰШЫРАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ.....	108
МЕН Д.В., ХАМИТОВА Н. РЕАЛИЗАЦИЯ ЦИФРОВЫХ КУЛЬТУРНЫХ ПРОЕКТОВ КАК НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ ЮЖНОЙ КОРЕИ.....	116

МУРАТБЕКОВА А.М., ҚАЙПОЛЛА Қ. ЖАҒАНДЫҚ ОҢТҮСТІКТІҢ ГЕОСАЯСИ ҮРДІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	121
АШИНОВА Ж.Е., ҚУАТОВА Х.Р. ЖАПОНИЯДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	125
АСЫЛ М. ҚХР-ДЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИНТЕЗ ТӘЖІРИБЕСІ: «СЯОКАН» ҚОҒАМЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	129
ҚАРАЖАНОВА Ж.Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ТҮСТАРЫ.....	133
АРЗЫКУЛОВ А.А. ДЕМОГРАФИЯ ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН: ҚЫТАЙДА КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
БАЗАРКУЛОВА Б. ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ.....	142
БЕЙСЕНБАЕВ О. ҚХР СЫРТҚЫ САЯСИ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНФИГУРАЦИЯҒА ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН.....	146
ГАБДУЛЛИН К.Т. РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В ИНДИЙСКОМ ШТАТЕ ПЕНДЖАБ.....	155
НУРЖАЕВА А. КОНФУЦИАНСТВО И СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ТРАДИЦИЙ В КИТАЕ.....	160
MOSHKA L. M. SUSTAINABLE DEVELOPMENT AND MODERNIZATION: JAPAN'S EXPERIENCE IN WASTE MANAGEMENT	166
СЕРИККАЛИЕВА А.Е. ОЦЕНКА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ И ПРОБЛЕМЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕЖДУНАРОДНОГО ЦЕНТРА ПРИГРАНИЧНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА «ХОРГОС»	170
САУДАНБЕКОВА Ш. Т., АЛПЫСБАЙ Д. Т. ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН АШЫЛАТЫН МҮМКІНДІКТЕР	180
ТҮРГЕНБАЙ А.А. ҚХР-ДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ	186
ИСМАИЛОВА С.Ж. МОДЕЛЬ И СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО БРЕНДИНГА В ЮЖНОЙ КОРЕЕ.....	191
АШИНОВА Ж.Е., НУРСЕИТОВА Л. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАСТАМАЛАРЫ.....	195
ИСКАКОВА З. «АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР» САЯСАТЫНАН КЕЙІНГІ ҚЫТАЙДЫҢ ДАМУЫНЫҢ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ.....	200
ТУРСЫНОВА М.Е. ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ НА ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КИТАЯ.....	204

2 СЕКЦИЯ/ SECTION 2

ДАМУДЫҢ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ: ШЫҒЫСТЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМІ МЕН ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ: ГУМАНИТАРНЫЕ ЗНАНИЯ И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ ВОСТОКА

CULTURAL BASES OF DEVELOPMENT: HUMANITARIAN KNOWLEDGE AND INTELLECTUAL VALUES OF THE EAST

SHABAN A. SOME DISTINGUISHING FEATURES OF EASTERN CULTURES.....	210
NINOMIYA T., BOLATBEK B. HALAL TRENDS IN JAPAN AND KAZAKHSTAN: DIFFERENCES IN INTERPRETATION OF THE QUR'AAN IN THE TWO COUNTRIES.....	215
ТОЙБОЛ Қ., БАТАЕВА А. А. ҚЫТАЙ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....	220
АЛДАБЕК Н.Ә., АШИНОВА Ж. Е. ЖАПОНИЯДАҒЫ КОНФУЦИЙШІЛДІК: ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДА ЗЕРТТЕЛУІ.....	227
DAULET F.N. CONCEPT "DESTINY" IN CHINESE AND KAZAKH	

LINGUACULTURES.....	231
周金声, АЛИХАНКЫЗЫ Г. 初级综合汉语字词本位语用教学新探—把准中文形音义的命脉.....	242
ИСАЕВ А. У., НҮРТАЙ А. МО ЯННЫҢ «БАҚА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ӨМІР МЕН САЯСАТТЫҢ КҮРДЕЛІЛІГІ.....	250
АБДЫРАКЫН Н. ЖИЯ ПЫҢАУДЫҢ «АЗҒЫНДАҒАН ШАҒАР» РОМАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	254
ДОСЫМБЕКОВА Р., ИБРАИМОВА А. ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ.....	262
ЖАҚАН М. ШЫҒЫСТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ИБН СИНА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФӘЛСАФАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ.....	268
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Г. Қ. МАСНАВИ-ЙЕ МАНАВИ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ІЛІМІ.....	273
САФОНКИНА О. С., ШАЛЯГИНА А. О. МЕТОДЫ И ТЕХНИКИ ОБУЧЕНИЯ БОЛЬШИМ ГРУППАМ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ КИТАЯ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ.....	279
АКНМЕТБЕК G., МҮЛТҮКБАҰ Z. A. FEATURES OF THE CONVERSATIONAL STYLE IN THE CHINESE LANGUAGE.....	284
САДЫҚОВА Р. ИРАНДЫҚТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЭТИКЕТІНДЕГІ ТААРОФТЫҢ РӨЛІ.....	289
МҰСТАФАҰЛЫ С. ТІЛДІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫ (20 ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	297
ҚОЙБАҚОВА А.С. , ҚАЛИБЕКҰЛЫ Т. ҚЫТАЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯЛАНУЫ.....	301
АХМЕТБЕК Г., МАЙБАС Ә. Т. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СЕБЕП-САЛДАР ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР.....	306
ТУРЕГЕЛЬДИЕВА А.С., АШИРБАЕВ Ш. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ: БАТЫС ПЕН ШЫҒЫС КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	309
НАЗАРОВА К. Б., ОРЫНБАСАР А. Ә. ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ ҚЫТАЙДЫҢ ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТҮРЛЕНУІ	313
ОРАЗАҚЫНҚЫЗЫ Ф., ПАК Р. PHONETIC BORROWINGS FROM THE CHINESE LANGUAGE IN THE KAZAKH LANGUAGE	316
ИСАЕВ А. У., АБДУЛЛИНА А. Р. СЛОЖНОСТИ ПЕРЕВОДА И СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ: ПРИМЕР ПЕРЕВОДА РОМАНА «有生» ХУ СЮЭВЭНА НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК.....	320
ДОСЫМБЕКОВА Р., МЕТТИБАЕВА С. ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ КОНЦЕПТ ИНВЕКТИВНОЙ ЛЕКСИКИ.....	323
ОРАЗБАЕВА М. Қ. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	330
МУНАТАИ К. AN EXPLORATION OF SOCIAL VALUES IN CHINESE INTERNET SLANG BASED ON DISCOURSE ANALYSIS.....	333
ИСАЕВ А. У., ҚАЛЕКЕНОВА Ж. Қ. ПРОИЗВЕДЕНИЕ «КЛАССНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ» ЛЮ СИНЬВУ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАВМ И ПОИСК ИДЕНТИЧНОСТИ В «ЛИТЕРАТУРЕ ШРАМОВ»	338
ШАРЫПҚАЗЫ Н. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕРМИНДЕР МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ.....	342
САПАРБАЕВА Н.Б., ВАН ЛИНЛИН. РОЛЬ ЗООНИМОВ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ЛЮДЕЙ.....	350
АШИМБАЕВА А. ШЫҢЖАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ҚОНЫСТАНҒАН ЕЛДІ МЕКЕН АТАУЛАРЫ.....	353
ВАНЕНАЕР D., SADENOVA A. CHINESE INTERNET SLANG: STRUCTURE, SEMANTICS AND PROBLEMS OF TRANSLATION INTO KAZAKH	

Пайдаланған әдебиеттер

1. NIU Ruji. Cultural perspective in Xinjiang place names. Journal of Xinjiang University (Philosophy and Social Sciences Edition) 牛汝极. 新疆地名中的文化透视. 新疆大学学报 (哲学社会科学版), 1994. 20-25.
2. Мурзаев. Э.М. Очерки топонимики. М.: Мысль, 1974. – 382 с.
3. Бияров. Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2012.
4. Жанұзақ. Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3.- Алматы: Дайк- Пресс, 2007. - 524 б
5. Қашқари, Махмұт. Түрік сөздігі. 1 Том. Алматы: ХАНТ, 1997
6. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975.-206 б.
7. Қойшыбаев Е. Основные типы топонимов Семиречья. Автореф. дисс. канд. филол. наук. Алматы, 1967.-24 с.
8. ZHAO Jie. Linguistic Exploration to Xinjiang Multilingual Geographical Names. (赵杰. 新疆多语地名的语言探析) Journal of Shihezi University (Philosophy and Social Science) Vol. 3 No 4. 2003
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Ыбырайым Ә, Жаңабекова А, Рысбергенова Қ. және т.б. Он бес томдық. 9-том. / Құраст.: – Алматы, 2011. -744 б.
10. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий». Т 2. Ч 2. Санкт– Петербург. 1893. - 443 с.
11. Бияров, Бердібек. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СЕБЕП-САЛДАР ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

Ахметбек Гүлжан

*Доцент м.а., т.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана*
E-mail: akhmetbek.gulzhan@gmail.com

Майбас Әлихан Төреханұлы

*2-курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана*
E-mail: maybas@bk.ru

Аңдатпа: Себеп-салдар қатынасы — бұл объективті әлемде кеңінен таралған қатынастардың және негізгі философиялық категориялардың бірі. Тілдегі 'себеп-салдар қатынасы' адамзаттың объективті әлемдегі әртүрлі себеп-салдар қатынастарын субъективті бейнелеуі болып табылады. Себеп-салдар қатынасы тілдің маңызды логикалық және синтаксистік аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада қытай тіліндегі себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қытай тілінде себеп-салдар қатынастары айқын байланыстырушы сөздер мен жасырын логикалық құралдар арқылы беріледі. Мақалада екі негізгі тәсілмен көрсетілетін себеп-салдар байланыстары зерттеледі: байланыстырушы сөздер арқылы және жасырын логикалық құралдар арқылы. Сондай-ақ, қытай тіліндегі сөйлемдерде себеп пен салдардың орын тәртібі, олардың арасындағы синтаксистік және логикалық байланыс құрылымы жан-жақты талқыланады. Мақалада негізінен себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің құрылымы, функциялары және олардың тілдік көріністері сипатталады.

Түйін сөздер: Себеп-салдар қатынасы, құрмалас сөйлемдер, қытай тілі, синтаксис, логикалық байланыс, байланыстырушы сөздер.

Сложноподчиненное предложения с причинно-следственной связью в китайском языке

Аннотация: Причинно-следственная связь является одним из наиболее распространенных типов отношений в объективном мире и фундаментальной философской категорией. В языке выражение причинно-следственных связей представляет собой субъективное отражение человеком различных причинно-следственных отношений в объективном мире. Причинно-следственная связь является важным логическим и синтаксическим аспектом языка. Данная статья посвящена анализу структурных и семантических особенностей сложноподчиненных предложений, выражающих причинно-следственные отношения в китайском языке. В китайском языке причинно-следственные связи передаются с помощью явных соединительных слов и скрытых логических средств. В статье рассматриваются два основных способа выражения причинно-следственных связей: с помощью соединительных слов и с помощью скрытых логических средств. Кроме того, подробно анализируется порядок следования причины и следствия в китайских предложениях,

синтаксическая и логическая структура связи между ними. Основное внимание в статье уделяется описанию структуры, функций и языковых проявлений сложноподчиненных предложений, выражающих причинно-следственные отношения.

Ключевые слова: Причинно-следственная связь, сложноподчиненные предложения, китайский язык, синтаксис, логическая связь, союзные слова.

Complex sentences with casual relationships in chinese language

Abstract: Cause-and-effect relationship is one of the most common types of relations in the objective world and a fundamental philosophical category. In language, the expression of cause-and-effect relations is a subjective reflection by a person of various cause-and-effect relations in the objective world. Cause-and-effect relationship is an important logical and syntactic aspect of language. This article is devoted to the analysis of the structural and semantic features of complex sentences expressing cause-and-effect relations in the Chinese language. In Chinese, cause-and-effect relations are conveyed through explicit connecting words and implicit logical means. The article examines two main ways of expressing cause-and-effect relations: through connecting words and through implicit logical means. In addition, it analyzes in detail the order of the cause and effect in Chinese sentences, the syntactic and logical structure of the connection between them. The main focus of the article is on describing the structure, functions, and linguistic manifestations of complex sentences expressing cause-and-effect relations.

Key words: Causal relationship, complex sentences, Chinese language, syntax, logical connection, conjunctions.

Себеп-салдар байланысы құбылыстар мен оқиғалар арасындағы ішкі байланысты ашу үшін қолданылатын «себеп» пен «салдар» арасындағы байланысты білдіреді [1]. Бұл қатынастардың тілдегі өзіндік тәсілдері мен ерекшеліктері бар. Тіл біліміндегі мағыналық қатынастар категориясы ретінде «себеп-салдар байланыстары» тілде әртүрлі формада, оның ішінде әр түрлі деңгейдегі грамматикалық бірліктерде пайда болады, олардың ішінде «себеп-салдар күрделі сөйлемдер» негізгі орынды алады. Лю Шусян өзінің «Қытай грамматикасы туралы қысқаша шолу» (1982) атты еңбегінде: «Екі оқиға арасындағы себеп-салдарлық қатынас екі тәсілмен көрсетілуі мүмкін: біріншісі, бір оқиға екіншісінің себебі деп айту арқылы, екіншісі, бір оқиға екіншісінің салдары деп айту арқылы. Бірінші жағдайды себепті түсіндіру деп атауға болады, ал екіншісін – салдарлы сөйлем деп атауға болады» [2]. Тілдің грамматикасы мен синтаксисінде себеп-салдар қатынастары жиі кездеседі және олардың түрлі формалары мен тәсілдері бар. Осы зерттеуде себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің құрылымы мен олардың семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Бұл мақала себеп-салдар байланыстарының қытай тіліндегі көрінісін тереңірек түсінуге бағытталған.

Қытай тіліндегі себеп-салдар құрмалас сөйлемдерінің құрылу тәсілдері, олардың қолданылу ерекшеліктері және логикалық байланыстардың берілу жолдары қарастырылады. Бұл бөлімде себеп-салдар байланысын білдіретін айқын байланыстырушы сөздердің рөлі мен оларды қолданудың нақты мысалдары талданады. Сонымен қатар, жасырын логикалық-семантикалық құралдар арқылы себеп-салдар қатынасының берілу ерекшеліктері, сөйлемдердің орын тәртібі және инверсиялық құрылымдардағы мағыналық акценттерге назар аударылады.

Қытай тіліндегі себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің жеткізу жолдары

Құрылу әдісі

Қазіргі қытай тілінде себеп-салдар байланысын білдірудің екі негізгі тәсілі бар: біріншісі – екі сөйлемді байланыстыратын айқын байланыстырушы сөздердің қолданылуы, екіншісі – оқиғалардың ішкі логикалық байланысы арқылы семантиканы білдіретін жасырын логикалық-семантикалық құралдар.

1) Айқын байланыстырушы сөздер

Байланыстырушы сөздер сөйлемдер арасындағы логикалық қатынасты көрсету үшін қолданылады. Байланыстырушы сөздерді дұрыс қолдану күрделі және топтық сөйлемдердегі логикалық байланысты нығайтады. Ауызекі тілде сөйлемдерді жиі интуитивті түрде жалғастырады, алайда күрделі қатынастар жағдайында байланыстырушы сөздерді қолдану қажет. Қытай тілінде себеп-салдарлық қатынасты білдіретін көптеген байланыстырушы сөздер бар. Олар сөз тіркесінің құрамында да, жеке де қолданылуы мүмкін. Себеп-салдарлық қатынасты білдіру үшін жиі қолданылатын байланыстырушы сөздерге мыналар жатады: "因为 (因、由於、既然), 所以 (才、就、

便、故、於是、因此、因而、以致)", "之所以, 是因为 (是由於、就在於) 以致", және басқалар [3]. Мысалы:

(1) 城市的空气污染问题越来越严重, 因而政府决定采取更严格的环保措施(Ауданда жауын-шашынның көбеюіне байланысты көптеген жерлерде су тасқыны орын алды)

(2) 因为该地区的降水量增加, 很多地方发生了洪水(Ауданда жауын-шашынның көбеюіне байланысты көптеген жерлерде су тасқыны орын алды)

Келтірілген мысалдарда, (1) сөйлемде "因而" байланыстырушы сөз нәтижені көрсету үшін негізгі сөйлемде жалғыз қолданылады. (2) сөйлемде «因为» байланыстырушы сөз басыңқы сөйлемде жалғыз ғана себепті көрсету үшін қолданылады. Байланыстырушы сөздердің жиынтықта қолданылуы келесідей:

(3) 因为昨天下了雨, 所以他没去城里(Себебі кеше жаңбыр жауғандықтан, сондықтан қалаға бармады) [4, 261]

(4) 这本书之所以受欢迎, 是因为作者的写作风格非常吸引人(Кітап танымал, себебі автордың жазу стилі өте тартымды)

(5) 既然你已经完成了作业, 就可以去看电影了(Егер сен үй жұмысыңды аяқтап қойсаң, онда киноға бара бер)

2) Жасырын логикалық құралдар арқылы себеп-салдар байланысын білдіру

Қазіргі қытай тілінде себеп-салдарлық байланыс жалғаулық сөздерсіз де берілуі мүмкін жағдайлар кездеседі. Мұндай сөйлемдер жасырын себеп-салдарлық сөйлемдер деп аталады. Онда жалғаулық сөздер арқылы ашық байланыс жоқ, негізгі назар лексикалық, синтаксистік құралдар мен мәнмәтінге қарап аударылады. Мысалы:

(6) 与有些国家相比, 我国孩子创新能力差, 其症结在于我们“标准化”的教育体系(Кейбір елдермен салыстырғанда, біздің балаларымыздың инновациялық қабілеті төмен, оның себебі біздің «стандартталған» білім беру жүйесінде жатыр – лексикалық құрал)

(7) 他们越来越渴望自我表现和解放自己, 这就是为什么数码产品成为一种基本需要的一个原因(Олар өздерін көрсетуге және босатуға деген ұмтылысы күшейіп келеді, сондықтан да сандық өнімдер негізгі қажеттіліктердің біріне айналды – синтаксистік құрал)

(8) 我不能走, 我的话还没和你父亲说完(Мен кете алмаймын, әкеңмен әлі сөйлесіп болған жоқпын – мәнмәтіндік құрал)

Жасырын себеп-салдар сөйлемдерінде байланыс сөздері қолданылмаса да, оларды оңай қосуға болады. Мысалы, (8) мысалында, себеп-салдар байланысы "нәтиже - себеп" түрінде көрсетілген, кейінгі сөйлем алғашқы сөйлемнің себебін түсіндіреді. Бұл жағдайда "之所以.....是因为" немесе тек "因为" қосу арқылы сөйлемді түзетуге болады.

3) Қытай тіліндегі себеп-салдар күрделі сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі

Көп жағдайда қытай тіліндегі себеп-салдар күрделі сөйлемдер логикалық тәртіппен жүреді: алдымен себеп, содан кейін салдар. Себебі, қытай тілінде синтаксистік құрылым мен логикалық байланыс сәйкес келеді. Мысалы:

(9) 贫农(因为) 最革命, (所以) 他们取得了农会的领导权(Кедей шаруалар (себебі) революциялық табиғатына байланысты (сондықтан) олар шаруа одағының басшылығына ие болды)

(10) 既然他有不同意见, 他就可能不能来参加会议了 (Оның басқа пікірі болғандықтан, кездесуге келе алмауы мүмкін)

Алайда қытай тілінде нәтиже себептен бұрын қойылатын жағдайлар да кездеседі. Мұндай сөйлемдер инверсиялық деп аталады және нәтижені баса көрсету үшін қолданылады, ал себеп қосымша түсініктеме ретінде қарастырылады. Демек, «алдымен себеп, содан кейін салдар» реті қалыпты болса, «алдымен салдар, содан кейін себеп» реті кері рет болып табылады. Мұндай жағдайларда ойлар мен іс-әрекеттер арасындағы логикалық байланысты сақтау үшін тиісті жалғаулық сөздерді қолдану қажет. Мысалы:

(11) 听不见朱世一拍桌子，她看不见他用肘子捅玻璃，因为那红色的窗帘变色了，变成了几乎是黑色的 (Ол Жу Ши-идің үстелге қаққанын естімеді және оның шыныны шынтағымен итермелегенін көрмеді, себебі қызыл перделер түсін өзгертіп, дерлік қара түске айналды)

Егер сөйлемнің ретін «себеп - салдар» деп өзгертсек, мағынасы түсініксіз болып қалады. Мысалы: «Қызыл перделер түсін өзгертіп, дерлік қара түске айналғандықтан, ол Жу Ши-идің үстелге қаққанын естімеді және оның шыныны шынтағымен итермелегенін көрмеді». Бұл сөйлем логикалық жағынан шатасқан. Себебі салдардан кейін келетін себепті білдіретін сөйлемдерде жиі түсіндірме сипат болады, бұл сөйлемнің көлемін кеңейтеді. Біріншіден, екі бөлік те (себеп пен салдар) салыстырмалы тәуелсіздікке ие, сондықтан оларды бірнеше сөйлеммен толықтыруға болады. Екіншіден, салдарынан кейін келетін себепті білдіретін сөйлемдер жиі салыстыру, теріске шығару немесе күшті бағалау мәнмәтінінде кездеседі. Мысалы:

(12) 这得要感谢家庭的熏陶、朋友的帮助、恩师的指点……然而更重要的，这得要感谢生活。因为，生活，是诗的土壤 (Бұған тек отбасының әсері, достардың көмегі және ұстаздардың үйретуі ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, өмір де себеп болды. Себебі өмір – поэзияның топырағы)

Қытай тіліндегі себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің құрылымы мен функционалдығы тілдің логикалық және синтаксистік аспектілерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Айқын байланыстырушы сөздер мен жасырын логикалық құралдар арқылы себеп-салдар байланыстарын көрсету тәсілдері сөйлемдердің мағыналық және семантикалық құрылымдарын анықтайды. Себеп-салдар қатынастарындағы сөздердің орын тәртібі мен инверсиялық құрылымдар олардың логикалық байланыстарын дұрыс сақтауға көмектеседі. Бұл зерттеу қытай тіліндегі себеп-салдар құрмалас сөйлемдердің ерекшеліктерін және олардың грамматикалық құрылымдарын тереңірек түсінуге бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 荣丽华. 汉语因果复句研究综述. – 长春: 长春师范学院学报(第 5 期), 2011.
2. 吕叔湘. 中国文法要略. – 北京: 商务印书馆, 1982.
3. 邢福义. 汉语复句研究. – 北京: 商务印书馆, 2001.
4. Абдырақын Нұрхалық. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 286 б.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ: БАТЫС ПЕН ШЫҒЫС КӨЗҚАРАСТАРЫ

А.С. Турегельдиева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
Колледж оқытушысы, гуманитар. ғыл. магистрі
a.serikbaevna@mail.ru*

Ш. Аширбаев

*Тұран университеті оға оқытушысы,
гуман. ғылымдар магистрі*

Аңдатпа: Аталмыш мақалада ұлттық тәрбиенің негіздері қарастырылады. Баланы тәрбиелеуде бойына ұлттық құндылықтарды дарытудың, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сіңірудің маңызды аспектілері зерттеледі. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ұлттық тәрбиенің негіздерін қалыптастырып, туған тіліне, туған жеріне, отбасына деген